

Ерейментау аудандық білім бөлімі
«Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ -сі

**Мектеп жанындағы жазғы
«Жұлдызша» лагерінің есебі**
I ауысым



Тәрбиешілер:
Тулеубаева Р. А.
Жолжақсы Ш.

2026 жыл

Мектеп жанындағы «Жұлдызша-2026» жазғы лагерінің мақсат міндеттері.

Мақсаты:

«Балдәурен-2026» лагеріне келген әрбір оқушыны алдымен жақсылыққа, адамгершілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелей отырып, оқушылардың жазғы демалыс уақытын тиімді пайдалана білуге үйрету. Балалардың жаз мезгіліндегі демалысын, сауықтырылуы мен тиімді әрі мағыналы өткізуге жағдайлар жасау, қауіпсіздік ережелерін үйрете отырып салауатты өмір салтын қалыптастыру, рухани және мәдени білімдерін жетілдіру, салт – дәстүрін дамыту, Отан сүйгіштік – патриоттық сезімін арттыру.

Балалардың жазғы демалысын үйлесімді ұйымдастыра отырып, сауықтыру іс-шараларын жүзеге асыру

Міндеттері:

- Лагерге балалардың уақытымен, толық келулерін қадағалау;
- Әр күнді бағдарлама бойынша ұйымдасқан түрде өткізу;
- Балалардың ойын алаңындағы ертеңгілікдене жаттығуларын, қимыл- қозғалыс ойындарын бақылауға алу;
- Саяхат және жорық кезіндегі қауіпсіздік ережелерінің сақталуын еске алу, бақылау;
- Лагерь жағдайында бірыңғай тәртіпте салтанатты жиындар өткізу;
- Сурет, қолөнер тақырыптарында шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында көрме, конкурс ұйымдастыру;
- Ұлттық ойындар, логикалық және спорттық ойын түрлері арқылы балалардың қызығушылығын арттыру.

Күтілетін нәтиже:

- Балалардың денсаулығын нығайту және жеке гигиена дағдыларын үйрету.
- Түрлі шараларға қатысу арқылы балалардың табиғи қабілеттерін ашу, шығармашылығын дамыту.
- Мейірімділікке, өзін-өзі сыйлауға, бір-біріне қолдау көрсетуге, достық қарым-қатынасты қалыптастыру.
- Табиғат аясында, көлікте, көшеде және қоғамда жүріп-тұру ережелерін қалыптастыру.

Әкімшіліктің лауазымдық міндеттері:

1. Мектеп жанындағы жазғы лагерін ашу туралы бұйрығын шығару (бұйрықта лагерь мерзімі, күнтізбесі, уақыты, режимін көрсету)
2. Кезеңдерге лагерь басшысын тағайындау (мұғалімнің аты-жөні)
3. Мектеп жанындағы жазғы лагері оқушыларының тізімін бекіту (аты-жөні, сыныбы)
4. Тәрбиешілер, медициналық қызметкер, музыка мұғалімін анықтап, лауазымдық міндеттерін бекіту.

Лагерь басшысының міндеттері:

1. Мектепшілік лагерьдің жұмыс жоспарын құру.
2. Күн тәртібін құру.
3. Лагерьге қатысты бұйрықтарды дайындау:
 - А) лагерьге жауаптылардың бұйрығы
 - Б) оқушылардың денсаулығы мен өмір қауіпсіздігі туралы бұйрық
 - В) лагерьдің ашылуы туралы бұйрық
 - Г) экскурсияға шығу туралы бұйрық
4. Оқушылардың тамақтану табелін жүргізу.
5. Лагерь кезеңіне байланысты жұмыс істейтін қызметкерлердің санитарлық кітапшаларының дайын болуын қадағалау.

Тәрбиешілердің міндеттері:

1. Күнделікті жоспарланған іс-шараға дайындық жұмыстарын жүргізу.
2. Топ күнделігін жүргізу.
3. Оқушылармен өтілетін іс-шаралар кезінде оқушылардың өмірінің қауіпсіздігіне жауап беру.
4. Оқушылармен дене жаттығулары мен сергіту сәттерін ұйымдастыру.
5. Оқушылардың шығармашылық, танымдық қабілеттерін арттыру мақсатында ойындар, сайыстар ұйымдастыру, өткізу.

Мектеп жанындағы жазғы лагерь туралы есеп

2026 жылғы 1 маусым күні мектебімізде жазғы демалыс маусымының басталуына орай мектеп жанындағы лагерьдің ашылу салтанаты өтті. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру, олардың бос уақытын қызықты әрі пайдалы өткізуге жағдай жасау.

Лагерьдің алғашқы күні Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесімен тұспа-тұс келіп, ерекше көңіл-күйде өтті. Балалар мерекелік бағдарламаға белсене қатысып, түрлі ойындар ойнады, ән айтып, би биледі. Қызықты сайыстар мен көңілді эстафеталар ұйымдастырылып, қатысушылар көтеріңкі көңіл-күйге бөленді.

Сонымен қатар, ауыл әкімшілігі мен мектеп ұжымының ұйымдастыруымен Халықаралық балаларды қорғау күні кең көлемде аталып өтті. Мерекелік шара барысында балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйланып, олардың шығармашылық және спорттық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік жасалды.

Күн соңында балалар жақсы әсер алып, лагерьдің алдағы күндерін асыға күтетіндерін жеткізді.

<https://www.instagram.com/reel/DZCQcdkNNnI/?igsh=MXI3bjh5cnZ5cjY5eQ==>



02.06.2026 ж. «Спорт – денсаулық кепілі» тақырыбында спорттық-сауықтыру іс-шаралары ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың салауатты өмір салтын ұстануға деген қызығушылығын арттыру, дене белсенділігін дамыту және спортқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыру.

Күн барысында лагерь тәрбиеленушілері түрлі спорттық ойындар мен эстафеталық жарыстарға белсене қатысты. Балалар өздерінің ептіліктерін, шапшаңдықтарын және төзімділіктерін көрсетіп, жарысқа үлкен қызығушылықпен атсалысты. Сонымен қатар, қатысушылар ұйымшылдық танытып, бір-біріне қолдау көрсетіп отырды.

Спорттық сайыстар балалардың денсаулығын нығайтуға, бос уақыттарын тиімді өткізуге және достық қарым-қатынастарын дамытуға ықпал етті. Іс-шара барысында көтеріңкі көңіл-күй мен жағымды атмосфера қалыптасып, балалар жарқын әсерге бөленді. Күн соңында лагерь қатысушылары жақсы көңіл-күймен тарқап, келесі күнгі іс-шараларды асыға күтетіндерін білдірді.

<https://www.instagram.com/reel/DZExipltrDa/?igsh=bHBoMWJtanR0cHhx>



03.06.2026 ж. «Кітап әлемі» тақырыбында танымдық іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, олардың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамыту, бос уақыттарын тиімді өткізуге ықпал ету.

Күн барысында балалар қызықты кітаптармен танысып, ертегілер әлеміне саяхат жасады. Сонымен қатар, түрлі әдеби ойындар, сұрақ-жауап сайыстары және танымдық тапсырмалар ұйымдастырылып, қатысушылар белсенділік танытты. Балалар өздерінің білімдерін толықтырып, ой-өрістерін кеңейтуге мүмкіндік алды.

Іс-шара барысында кітаптың адам өміріндегі маңызы туралы әңгімелер жүргізіліп, кітап орудың пайдасы түсіндірілді. Балалар сүйікті кейіпкерлері туралы ой бөлісіп, оқыған шығармалары жөнінде пікір алмасты.

«Кітап – білімнің қайнар көзі» екенін ұғындырған бұл күн тәрбиеленушілер үшін қызықты әрі мазмұнды өтті. Кітапқа деген сүйіспеншілікті арттыруға бағытталған шаралар балалардың рухани дамуына оң әсерін тигізді.

Күн соңында лагерь қатысушылары жақсы әсер алып, кітап оқуға деген қызығушылықтарының артқанын білдірді.

<https://www.instagram.com/reel/DZHVrveNnuY/?igsh=dnR2Y2RzenhpeHBz>





04.06.2026 ж. күні мектеп жанындағы жазғы лагерьде «4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күні» тақырыбында танымдық-патриоттық іс-шара өткізілді. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың бойында Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімді қалыптастыру, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу және олардың маңызын түсіндіру.

Іс-шара барысында тәрбиеленушілер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы, Елтаңбасы және Өнұранының шығу тарихымен танысып, олардың мәні мен маңызы туралы ақпарат алды. Балалар мемлекеттік рәміздерге арналған сұрақ-жауаптарға қатысып, танымдық тапсырмалар орындау арқылы өз білімдерін көрсетті.

Шара барысында оқушылар туған еліне деген мақтаныш сезімдерін білдіріп, мемлекеттік рәміздерді құрметтеудің азаматтық борыш екенін түсінді. Сонымен қатар, патриоттық бағыттағы әңгімелер мен тәрбиелік жұмыстар жүргізіліп, балалардың ел тарихына деген қызығушылығы арттырылды.

Өткізілген іс-шара тәрбиеленушілердің отансүйгіштік қасиеттерін нығайтып, мемлекеттік рәміздерге деген құрметін арттыруға ықпал етті. Күн мазмұнды әрі тағылымды өтіп, балалар жақсы әсермен тарқасты.

<https://www.instagram.com/reel/DZKCp2ntkJL/?igsh=MTUvdDI1OGJhenkz>





05.06.2026 ж. күні мектеп жанындағы жазғы лагерьде «Мұражайға саяхат» тақырыбында танымдық іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың туған өлкенің тарихына деген қызығушылығын арттыру, тарихи-мәдени мұраларды құрметтеуге тәрбиелеу және олардың танымдық көкжиегін кеңейту.

Күн барысында лагерь тәрбиеленушілері мектеп ішіндегі ауыл тарихынан сыр шертетін мұражайға экскурсия жасап, құнды жәдігерлермен танысты.

Экскурсия кезінде оқушылар ауылымыздың өткені, мәдениеті, салт-дәстүрлері және елге еңбегі сіңген белгілі тұлғалар туралы тың мәліметтер алды.

Танымдық саяхат барысында балалар тарихи жәдігерлерді қызығушылықпен тамашалап, өткен мен бүгіннің байланысы туралы ой бөлісті. Бұл шара олардың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттырып, ұлттық құндылықтарды бағалауға тәрбиеледі.



Сонымен қатар, күні бойы түрлі ойындар мен қызықты тапсырмалар ұйымдастырылып, балалар белсенділік танытты. Тәрбиеленушілер уақыттарын пайдалы әрі көңілді өткізіп, жаңа әсерлерге бөленді.

Өткізілген «Мұражайға саяхат» күні оқушылардың тарихи танымын кеңейтіп, туған өлкенің тарихына деген қызығушылығын арттыруға ықпал етті. Күн мазмұнды әрі әсерлі өтіп, балалар жақсы көңіл-күймен тарқасты.

<https://www.instagram.com/reel/DZMiSvGNMCQ/?igsh=MTE2OTlqcmRocWhkaQ==>





08.06.2026 ж балаларды жылы қабылдаудан басталды. Тәрбиеленушілер көтеріңкі көңіл-күймен жиналып, күн тәртібімен таныстырылды.

Күннің алғашқы бөлімінде балалардың сергектігі мен белсенділігін арттыру мақсатында бой жазу жаттығулары өткізілді. Қатысушылар жаттығуларды қызығушылықпен орындап, сергек көңіл-күйге бөленді.

Одан кейін тәрбиеленушілер көркемсурет туындыларымен танысып, сурет салу жұмыстарына қатысты. Балалар өз қиялдары мен шығармашылық қабілеттерін қағаз бетіне түсіріп, әсем суреттер салды. Бұл жұмыс олардың эстетикалық талғамын қалыптастырып, өнерге деген қызығушылығын арттырды.

Күннің негізгі бөлігінде «Ұлттық оюлар» атты шебер қолдар сайысы ұйымдастырылды. Сайыс барысында балалар қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен танысып, оларды бейнелеу және құрастыру жұмыстарын орындады. Қатысушылар өз шеберліктерін көрсетіп, ұлттық құндылықтарға деген құрметтерін танытты.

Күн соңында «Жақсылықпен жүздесейік» атты қорытындылау және шығарып салу шарасы өткізілді. Балалар күн бойы алған әсерлерімен бөлісіп, бір-біріне жақсы тілектерін арнады.

Өткізілген іс-шаралар тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге және бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруға ықпал етті.





09.06.2026 ж. Мектеп жанындағы жазғы лагерьдің жетінші күні «Саяхатқа шығамыз» тақырыбымен ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың қоршаған орта туралы білімдерін кеңейту, табиғатты аялауға тәрбиелеу және бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру.

Күн барысында балалар қызықты саяхатқа шығып, табиғаттың әсем көріністерін тамашалады. Саяхат кезінде қоршаған ортамен танысып, табиғат байлықтары мен олардың маңызы туралы мәліметтер алды. Танымдық әңгімелер жүргізіліп, оқушылар өз ойларымен бөлісті.

Сонымен қатар, тәрбиеленушілер түрлі ойындар мен қызықты тапсырмаларға қатысып, белсенділік танытты. Командалық ойындар барысында ұйымшылдық пен достық қарым-қатынасты нығайтып, бір-біріне қолдау көрсетті.

<https://www.instagram.com/reel/DZW0VTdtV42/?igsh=MWFsbGhyNnRma2hqYg==>

Өткізілген саяхат балалардың дүниетанымын кеңейтіп, туған өлкенің табиғатына деген сүйіспеншілігін арттырды. Көтеріңкі көңіл-күй мен жарқын әсерлерге толы бұл күн тәрбиеленушілер үшін ерекше есте қаларлықтай болды. Күн соңында балалар алған әсерлерімен бөлісіп, саяхаттың қызықты сәттерін еске алып, жақсы көңіл-күймен тарқасты.




10.06.2026 ж. Бүгін мектеп жанындағы лагерьде жоспарға сәйкес тәрбиелік және танымдық іс-шаралар өткізілді. Күн балаларды қабылдаудан басталып, бой жазу жаттығулары ұйымдастырылды.

Одан кейін оқушылардың ойлау қабілетін дамыту мақсатында логикалық қызықты тапсырмаларға жауап іздеу ойыны өткізілді. Балалар белсенді қатысып, тапқырлықтары мен білімдерін көрсетті.


Келесі кезекте «Үш тілді білу – заман талабы» атты полиглот ойыны ұйымдастырылды. Ойын барысында қатысушылар қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі сөздер мен тапсырмаларды орындап, тілдік білімдерін жетілдірді.

Күннің екінші жартысында таза ауада түрлі қимылды ойындар ойнатылды. Балалар ойындарға белсене қатысып, көтеріңкі көңіл күйде уақыт өткізді.

Өткізілген іс-шаралар оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырып, тілдік дағдыларын дамытуға және бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруға ықпал етті.



11.06.2026 ж. мектеп жанындағы лагерьде «Кино күні» ұйымдастырылды. Күн балаларды қабылдаудан басталып, көтеріңкі көңіл күй қалыптастыру мақсатында сергіту және бой жазу жаттығулары өткізілді.



Іс-шара барысында оқушыларға жас ерекшеліктеріне сай танымдық әрі тәрбиелік мәні бар фильм көрсетілді. Балалар фильмді қызығушылықпен тамашалап, кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне талдау жасап, өз ойларымен бөлісті.

Фильм көрсетілімінен кейін түрлі сұрақ-жауап, викториналық ойындар ұйымдастырылып, оқушылардың есте сақтау, ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамытуға көңіл бөлінді. Балалар белсенді қатысып, өз білімдері мен тапқырлықтарын көрсетті.

Күннің екінші жартысында таза ауада қимылды ойындар ойнатылып, балалардың көңілді демалыс өткізуіне жағдай жасалды.

Өткізілген «Кино күні» оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, дүниетанымын кеңейтуге және шығармашылық қызығушылықтарын арттыруға ықпал етті.





12.06.2026 ж мектеп жанындағы жазғы лагерьдің соңғы күні өткізілді. Күн көтеріңкі көңіл күйде басталып, балалардың қатысуымен көңілді отырыс ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында оқушылар тақпақтарын мәнерлеп оқып, өз өнерлерін ортаға салды. Лагерь бойы белсенділік танытып, түрлі іс-шараларға белсене қатысқан тәрбиеленушілер марапатталып, алғыс хаттар табысталды.

Сонымен қатар лагерь кезеңінде өткен қызықты сәттер еске алынып, балалар өз әсерлерімен бөлісті. Достық қарым-қатынас нығайып, көптеген жарқын естеліктер жинақталды. Іс-шара соңында естелік суреттер түсіріліп, лагерьдің жабылу салтанаты өткізілді.

Лагерь жұмысы өз мақсатына жетіп, балалардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және бос уақыттарын пайдалы өткізуіне мүмкіндік берді.

<https://www.instagram.com/reel/DZenmVytwMx/?igsh=a2Q1aTQwd28yNW44>



